

Қызметін Шиелі ауданында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық ставкасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2012 жылғы 06 ақпандағы № 2/8 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 05 наурызда № 10-9-217 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2016 жылғы 04 мамырдағы № 40/6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 04.05.2016 № 40/6 шешімімен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 422 бабының 2 тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес аудандық мәслихат (кезектен тыс II сессия) **ШЕШЕМІЗ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес қызметін Шиелі ауданында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық ставкасы белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын қамтамасыз ету "Қызылорда облыстық салық Департаменті Шиелі ауданы бойынша салық басқармасы" мемлекеттік мекемесіне (М. Егембердиев, келісім бойынша) ұсынылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысы
"КЕЛІСІЛДІ"

"Қызылорда облыстық салық Департаменті
Шиелі ауданы бойынша салық басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің бастығы
М. Егембердиев _____
"06" ақпан 2012 жыл

П. Архабаев
Ә. Оразбекұлы

Қызметін Шиелі ауданында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық ставкасы

N	Салық салу объектісінің атауы	Бір айға салық көлемінің тіркелген салығының ставкасының мөлшері (Айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	3
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	4
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4	Ойын жолы	15
5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	4

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК